

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК

**«Біз табиғаттың жас қорғаушыларымыз»**

*/тақырыптық сағат/*

№7 «Шаңырақ» ересек тобы

Тәрбиеші: Ж.М.Шарипова

З.Ж.Сүлейменова

2024жыл

## Тақырыбы: «Біз табиғаттың жас қорғаушыларымыз»

(Тақырыптық сағат)

**Мақсаты:** Төтенше жағдайлар жөнінде білімдерін қалыптастырып, олардан сақтану жолдарымен, балалардың ой-өрісін, дүниетанымын, тілін дамыту. Балаларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу. Оттың адам өміріндегі маңызын, пайдасын, сонымен қатар оның тілсіз жау екендігін түсіндіру.

**Көрнекіліктер:** тақырыпқа сай суреттер, буклеттер. көрнекіліктер /қолдан жасалған/

**Тәрбиеші:** Бүгін балалар мен сендерге өрт туралы айтып беремін. Оттың пайдасыда зияныда болады.

1. Сіріңке мен оттықпен ойнамауымыз керек.
2. Газ плитасына жақындамау керек, асханада жалғыз қалмау.
3. Разеткаға жақындама, оған әрбір заттарды тықпа, әйтпесе ток ұрады.
4. Аулаға от жақпа ол өртке әкеліп соғуы мүмкін.

**Өрттерді сөндірудің негізгі құралдары:**

**Су** – өртті сөндірудің негізгі құралы.

**Құм** – өрттің шағын ошақтарын сөндіру құралдарының ең қарапайымы болып табылады.

**Тосын сәт:** Топқа сіріңке мен оттығы бар Қоян келеді.

**Қоян:** Қалайсындар балалар, сендермен ойнауға келдім, жүр кеттік ойнаймыз, менде оттық пен сіріңке бар.

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіңбе Қоян кош келдің, сіріңкемен ойнауға болмайды, өрт қауіпсіздігін білу әр баланың міндетті, отпен ойнаған қауіпті. Әрқашан өрттен сақтануымыз керек.

**Ойын:** «Қауіпті және қауіпсіз заттар»

**Шарты:** Сандықтың ішінде бірнеше заттар бар. Енді мұқият қара, осы заттардың ішінде қайсысын сендерге ұстауға немесе пайдалануға болмайды? Сол заттарды табу.

**Тәрбиеші:** Өрттен сақтану туралы бекітіп, балалардың мақал-мәтелдерін, тақпақтарын тыңдайық.

**Бексұлтан:** Өрт пен түгін айнала  
Қарап тұрма жай ғана  
Тез хабар бер 101ге  
Уақытты сен байлама

**Рауан:** Сіріңкемен ойнасақ  
Абайсызда өрт шығар  
Соны есте сақтандар!

**Айзере:** Өрт - тілсіз жау.

**Қайсар:** Өрттен – сақ болыңыздар!

**Қоян:** Жарайсыңдар балалар! Мен оттықтың, шырпының ондай қауіп тудырады деп ойламаппын, енді оттықпен, шырпымен ойнамаймын, сендерден көп зат үйрендім, білдім. Енді мен кетейін, сау болыңыздар!

**Ойын:** «Болады - болмайды»

**Ойынның шарты:** қолдарына бағдаршам алыңдар. Қызыл түсті-болмайтын жағдайда көтересіңдер, ал жасыл түсті- болатын жағдайда көтересіңдер.

**Тәрбиеші:** Балалар естерінде болсын, өрт шығаратын заттарды үлкендердің рұқсатынсыз ұстауға болмайды. «Өрт - тілсіз жау».

Өрт – аса қатыгез, ол ешкімді аямайды. Ең бастысы, өрттің туындауына жол бермеген жөн.





3

